

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ЖАҢАТАС» ФОСФОРИТ КЕН ОРНЫНЫң
ҮЙІНДІЛЕРІНІң ТОПЫРАҚГРУНТТАРЫНЫң АГРОХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ
ЖӘНЕ ТОПЫРАҚ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ**

**Ф.Е. Қозыбаева¹, Г.Б. Бейсеева¹, С. Қалдыбаев², К.Ә. Даутбаева³, М. Тоқтар¹,
М. Әбдірешева¹**

**Ә.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу
институты¹, Алматы, әль-Фараби даңғылы, 75 в, farida_kozybaeva@mail.ru Қазақ
Ұлттық Аграрлық Университет², әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университет³**

«Жаңатас» кен орнының үйінділерінде есімдік өздігінен өскен телімдерде қазылған топырақ кескіндерін сипаттау бойынша бастапқы топырақтұзілу белгілері анықталды. Өсімдік бірлі-жарымды өскен жер телімдерінде топырақтұзілу үрдісі әлсіз байқалады немесе мулдем байқалмайды. Барлық қазба-шұңқырлардың кескіні бойынша қысқа қабаттарға бөліну байқалады. Фосфорит кен орнын ашық әдіспен қазбалану кезінде техногенез жағдайында топырақ-экологиялыш функциясына баға берілді. Қазбаланған өнеркәсіптік үйінділерді зерттеу нәтижесінде құрамы әр түрлі техногендік әлювийде бастапқы топырақтұзілу үрдісі анықталды.

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Техногенездің дамуына қарай елеулі аудандарда топырақ жабындысының біртұтастырының елеулі түрде бұзылуы, тіптен толығымен жойылып кетуі жүреді, оның өзі жеке аумақтардың экологиялыш жағдайына әсер етеді. Әсіресе, топырақ жабындысының кең ауқымда жойылуы пайдалы қазбаларды ашық, карьерлік әдіспен өндірген кезде болады, қазіргі кезде бүкіл өндірудің 70 %-ы оның үлесіне тиеді. Пайдалы қазбаларды өндірудің карьерлік әдісінде түзілген өнеркәсіптік үйінділер ерекше техногендік аумақтарды білдіреді. Нәтижесінде өнеркәсіптік шөлейттер пайда болады, олар тасты, құрамында микроэлементтер (соның ішінде ауыр металдар) жоғары болып келеді, ұзақ уақыт бойы өсімдік өспейді.

Қазбаланған карьерлік аландар эрозия үрдісінің орталықтары болады және карьерлерге жақын орналасқан жер телімдері де пайдалануға жарамсыз болып қалады. Ортаны, яғни жер бетін және тау массивтерін бұза отырып, ашық тау-кен өндіру жұмыстары ландшафттарды өзгертеді. Өзінің климаттық жағдайы бойынша ландшафттарында өсімдік

ресурстары аз шөл және шөлейт аудандардағы ашық тау-кен өндіру жұмыстарының топырақ жабындысын бұзы әрекеше атап өту керек. Өсімдік жамылғысынан айрылған бүлінген жерлердің кең ауқымдары атмосфераға көміртегі шығарылымдарының негізгі аймағы болып табылады, мұның өзі биосферадағы ғаламдық өзгерістердің артуына әкеледі.

Жамбыл облысының оңтүстік-батыс бөлігінің табиғи кешендерінің ластануы және ауылшаруашылығы жерлердің негізгі бүлініү фосфориттерді өндіру және қайта өндеумен байланысты. Қаратая алабы ені 20-25 км жетеді және солтүстік-батыс бағытқа қарай 120 км қашықтыққа созылып жатыр. Оnda бірнеше ондаған ұсақ түйршікті фосфориттер кен орны белгілі, олардың ішінде ең ірі кен орындары Шұлақтау, Ақсай, Жаңатас, Көксу, Көкжон болып табылады. Алапта руданы өндіру ашық және жер асты әдістерімен жүргізіледі.

Үйіндінің өсімдік табиғи жолмен өскен телімдерінде қазылған топырақ қазба шұңқырларының кескіндерін сипаттау кезінде топырақтұзілудің бастапқы белгілері анықталды. Үйіндінің

өсімдік бірлі-жарымды өскен телімдерінде топырақтұзілу үрдісі байқалмайды.

Техногендік-бұлінген жерлерді рекультивациялаудың теориялық негіздерін әзірлеу өзекті және қажетті мәселе болып табылады. Теориялық жағынан алынған нәтижелер қоршаған ортаны қорғау, атмосфераға көміртегі шығарылымдарын азайту, биосфераның толық-қанды қызмет істеуі және өнеркәсіптік елді мекендердегі экологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында рекультивациялық іс-шараларды жүргізуде практика жүзінде пайдалану үшін негіз болады.

Жұмыстың негізгі мақсаты топырақтұзілу үрдісінің бағытын, жылдамдығын айқындау және техногендік бұлінген жерлердің топырақ-экологиялық функцияларына баға беру.

ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеу нысаны «Жаңатас» фосфорит кен орны болып табылады. «Жаңатас» кен орнына үш: Солтүстік-батыс, Орталық, Оңтүстік-шығыс карьерлері кіреді. Зерттелген нысан Жанатас қаласынан оңтүстік-шығыс бағытта теңіз деңгейінен 700 – 800 м биіктікте Шошқабұлақтау және Улken Ақтау тауларында орналасқан. Кен орнының солтүстік және солтүстік батысында топырақтар – таудың кәдімгі сұр топырақтары. Оңтүстік және оңтүстік шығыста сұрғылт қара қоңыр топырақтар, ал олар оңтүстік батысқа қарай ксероморфты сұрғылт қара қоңыр топырақтарға өтеді. Гранулометриялық құрамы бойынша бұл топырақтар орташа құмбалшықты. «Жаңатас» – шөгінді тектегі фосфорит кен орны. Пайдалы қазбалары – доломиттер, доломиттенген әктастар, фосфатты-кремнилі тақта тастар, кремний. Рудалық емес минералдар: халцедон, кварц, дала шпаттары, кремнилі-балшықты тақта тастар, пирит, кальцит,

карбонаттар. Үйтты элементтер – күкірт, сілті, қорғасын, мышьяк кездеседі.

«Жаңатас» кен орнында үзындығы, ені және тереңдігі бойынша параметрлері әр түрлі 3 карьер бар. «Орталық» карьерінің үзындығы 10,74 км, ені 400 м, тереңдігі 120 м. «Оңтүстік-Шығыс» карьерінің үзындығы 3,3 км, ені 350 м, тереңдігі 90 м. «Солтүстік-Батыс» карьерінің үзындығы 4,1 км, ені 350 м, тереңдігі 80 м. Зерттеу жұмыстары оңтүстік шығыс үйіндінің 10 және 14 үйінділерінде жүргізілді.

Топырақ-грунттарының өзгеру үрдістерін зерттеу қазба шүңқырларды морфологиялық сипаттау әдісімен жүргізілді. Топырақтың химиялық, агротехникалық, су-физикалық қасиеттерін жалпы ортақ қабылданған зерттеу әдістерімен анықталды.

Фитоценоздарды зерттеген кезде геоботаникада қолданылатын әдістер қолданылды: 1 м² немесе 100 м² аудан бірлігінде өсетін өсімдік түрлерінің мөлшері; фитоценоздардағы түрлердің сандық ара қатынасын анықтау Друде шкаласы бойынша және көз мөлшермен бағалау әдісі (өсімдіктің топырақ бетін жауып жатқан ауданын анықтаумен) бойынша жүргізілді. Флораның түрлік құрамын есептеу өсімдік топтарын сипаттау процесінде өсімдік түрлерін тіркеу әдісімен жүзеге асырылды. Өсімдік жамылғысының сукцессия процесін зерттеу өсімдіктің алмасу барысын тікелей бақылау әдісімен, бұрынғы сипатталған өсімдіктерді қазіргі кезде өсіп түрған өсімдіктермен салыстыра отырып сипаттау арқылы жүзеге асырылды.

Ұсақ буынайқылардың экстракциясы термоэклектор Берлезе – Туллгрен әдісі арқылы жүзеге асырылды. Микроартроподтарды санау, анықтау бинокуляр МБС-10 көмегімен және Богарев аспағымен жүзеге асырылды. Аяққүй-

рықтылардың анықтау [1], ал кенелер [2] анықтағыштары арқылы анықталды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Топырақтың ылғалдылық дәрежесі топырақшылік үрдістерге әсер етеді. Одан басқа, ылғалдылық дәрежесі топырақтың құрылымына, құрылышына және т.б. әсер етеді. Гигроскопиялық су топырақта тек буға айнала отырып қозғала алады. Оны өсімдік пайдалана алмайды. Топырақтағы гигроскопиялық судың мөлшері топырақтың грануломериялық және химиялық құрамына байланысты. Органикалық зат жетіспейтін топырақтарға қарағанда, органикалық заттарға бай топырақтар ылғалды көбірек жинауға қабілетті. Зерттелетін нысандардағы топырақ ылғалының негізгі көзі жауыншашын болып табылады. Оның мөлшері және таралымы осы жердің климаты мен метеорологиялық жағдайына байланысты. Топырақгрунттарына ылғалдың түсінің екінші көзі топырақ грунттарының беті және беткі қабаттарына (10-15 см) атмосфералық ылғалдың конденсациясы болып табылады.

Кескін бойынша далалық ылғалдың мөлшері шамалы ғана. Топырақгрунттарының беткі қабаттарына қарағанда төменгі қабаттарында ылғал көбірек. Ол көптеген факторлармен байланысты. Қазба шұңқырлар негізінен тегістелген телімдерде қазылған. Зерттелген телімдерде беткі үйінді жыныстардың үгілуі және су эрозиясы үрдістерінің салдарынан жинақталуы мүмкін ұсақ фракциялардың артуы байқалады. Лессиваж үрдістерінің салдарынан ұсақ фракциялар топырақгрунттарының төменгі қабаттарына шайылып, жиналады. Олардың сіңіру қабілеті жақсы және аздаған ылғалды да сіңіріп алады.

Жас топырақтарда алғашқы жылдары гумустың түзілуі аккумулятивтік сипатта болады. Осыған байланысты

педогенездің бастапқы кезеңінде қалыптасатын гумус көптеген ғалымдардың пікірінше гумус болып табылмайды, ол органикалық қалдықтарының өзгеруінің аралық өнімі, сондықтан оны органикалық зат деп атап көрек дейді [3].

Үйінділер жағдайында топырақтүзілу үрдісін айқындаушы маңызды компоненттер гумус заттарының деградациясы, гумустүзілу, гумус жинақталу және гумификация болып табылады. Техногендік экожүйелердегі гумустүзілу аймақтық топырақтарға үқсас механизмдер бойынша жүзеге асырылатыны анықталды [4-6].

«Жаңатас» кен орнының үйінділерінің топырақгрунттарын химиялық талдауларының нәтижелері (1-кесте) гумустың мөлшері бойынша үйінділерде топырақтүзілу үрдісінің бауя жүріп жатқанын көрсетті.

Үйінділерде өсімдіктердің өздігінен өсуі жағдайында өсімдік пен гумустың мөлшері арасындағы нақты байланыс байқалады. Барлық қазба шұңқырлардан 0-1; 0-2; 0-5 см алынған топырақгрунттарында төменгі қабаттарына қарағанда гумустың мөлшері жоғары. Гумустың мөлшері мен өсімдіктің өздігінен өсуі жағдайында өсімдіктің жайғасуы, сиректігі, жақсы өсуі арасындағы байланысты атап өтү көрек.

Зерттеу нысанындағы үйінділерде қазылған 1, 3, 4, 5 қазба-шұңқырлардың кескіндерінде жалпы фосфордың мөлшері ортағы және төменгі қабаттарында көбірек. Бұл грунтішілік химиялық үрдістермен, фосфордың жыныстардың минералдарымен жаңа қосылыстар түзуімен байланысты болуы мүмкін. Жылжымалы фосфордың мөлшері төменгі қабаттарына қарағанда топырақ кескінінің жоғарғы қабаттарында көбірек жинақталған. Үйіндінің топырақгрунттарында өсімдік сіңіре алатын фосфордың мөлшері жеткілікті деп сана-

уға болады, алайда осыған қарамастан үйінделердің топырақгрунттарында фосфордың мөлшері әр түрлі. Бұл фосфорит рудаларының құрамына кіретін жыныстардың әр түрлілігімен түсіндіріледі. Зерттелетін топырақгрунттарында калий мөлшері де әр түрлі. Оның мөлшері көпшілік топырақ үлгілерінде тәменгі мөлшерден ортағы мөлшерге дейіннен (30-270), жоғары мөлшерге (410 мг/кг) дейін ауытқиды (1 кесте).

Үйіндінің топырақгрунттары Ca^{++} , Mg^{++} - катиондарына қаныққан. Топырақ қабаттары бойынша сіңірлген негіздердің жайғасуында белгілі бір заңдылық байқалады. Сіңірлген Ca^{++} , Mg^{++} мөлшері тәменгі қабаттарда артады және бұл топырақгрунттарының құрамында минералды коллоидтардың бар екенінің күесі. Топырақгрунттарда қазылған 5, 6, 7, 8 қазба-шұңқырлардың кескіні бойынша сіңірлген кальцийдің мөлшері жоғарғы қабатта көбірек, бұл үйінділерді өсімдіктердің өздігінен өсуі және бастапқы топырақтүзілу үрдістерінің баяу болса да журуі салдарынан топырақгрунттарының жоғарғы қабаттарында органикалық коллоидтардың пайда болуымен түсіндіріледі. Ұсағырақ элементарлық фракциялардың екінші қабатқа қарай өтуі жүреді. Су эрозиясы үрдісі журуі мүмкін, яғни ұсақ фракциялар үйіндінің биекірек жерлерінен жаңбыр суымен ағып, соның салдарынан минералды коллоидтардың жинақталуы жүреді. Топырақгрунттарының кескіні бойынша суға еритін түздардың жайғасу заңдылығы байқалады. Топырақгрунттарының беткі қабаттарынан түздар шайылып, тәменгі қабаттарына жинақталады да, осы қабаттың түздану дәрежесін арттырады. Жаңатас кен орнының үйінділерінің топырақгрунттары түздану дәрежесі бойынша беткі қабаттары түзданбаған немесе әлсіз түзданған,

тәменгі қабаттары орташа немесе күшті түзданған. Топырақгрунттарының түздану типі негізінен сульфатты-магнийлі-кальцийлі, гидрокарбонатты-сульфатты түздану типі де кездеседі.

Фосфорит кен орнының топырақтүзуші жыныстары гидротермальдық тектегі $\text{Ca}, \text{Mg} (\text{CO}_3)$ карбонаттар класының доломиттері; CaSO_4 сульфаттар класының ангидриті болып табылады, суды сіңіре отырып, ол гидротермалды тектегі ғанышқа айналады. Бұл минералдар, сондай-ақ тыңайтқыш, отқа тәзімді құрылымыс материалдарын алу үшін өнеркәсіптік қайта өңдеуден өтеді және химия және әйнек өнеркәсібінде қолданылады. Топырақгрунттарының негізгі суға еритін түздары негізінен жыныс түзуші минералдар доломит, ангидрит және ғаныштың жоғарыда аталған қосылыштарынан тұрады.

Топырақтың антропогендік өзгереудің жалпы үрдісінде олардың технологиялық қалдықтармен ластануы маңызды рөл атқарады. Ластаушы заттардың басты тобының бірін ауыр металдар түзеді, олардың негізгі массасы тропосфераның тәменгі қабаттарына өнеркәсіптік кәсіпорындардың шығарылымдарымен түсіп, аэралды миграцияға ұшырайды да, топырақтың бетіне шөгеді. Ластаушы металдардың кеңістікте жайғасуы өте күрделі және көптеген факторларға байланысты, алайда қандай жағдайда болмасын топырақ ауыр металдарды негізгі қабылдаушы және жинақтаушы болып табылады. Ауыр металдар топыраққа тусе отырып онда болып жатқан үрдістерге қатысады. Топырақ орындастырылған барлық функцияларға ықпал етеді, сондай-ақ биосфера дағы болып жатқан миграцияның барлық негізгі циклдарына да әсер етеді. Ауыр металдармен топырақтың ластану проблемасын түсінудің маңыздылығы

топырақ қоршаған ортада ауыр металдарды жинақтаушы және өсімдікті қоса алғанда, онымен шектесін жатқан орталарды негізгі ластау көзі болып табылғымен айқындалады [7]. Топырақ жабындысы атмосфералық ауа мен су айдындарына қарағанда буферлі жүйе болып табылады, сондай-ақ заттарды

жинақтау қасиеті бар. Соңдықтан топырақтың ластануын біз тыныс алатын ауаның ластануының индикаторы ретінде пайдалануға болады. Ауыр металдардың топырақтың беткі қабаттары бойынша жайғасуы көптеген факторлармен айқындалады.

1-кесте - Жаңатас кен орнының үйінділерінің топырақгрунттарының агрехимиялық сипаттамасы

| Кескін кимасыны | Тереңдігі, см | Гумус, | Жалпы азот, % | Гипс, % | Гидразот, мг/кг | CO ₂ , % | Жалпы, % | | Жылжымалы, мг/кг | |
|----------------------------------|---------------|--------|---------------|---------|-----------------|---------------------|-------------------------------|------------------|-------------------------------|------------------|
| | | | | | | | P ₂ O ₅ | K ₂ O | P ₂ O ₅ | K ₂ O |
| 1-қазба шұңқыр 14-үйінді | 0-2 | 1,10 | 0,070 | 0,21 | 28,0 | 6,75 | 2,6 | 0,80 | 21 | 80 |
| | 2-5 | 0,38 | 0,042 | 0,36 | 19,6 | 6,82 | 4,5 | 0,73 | 8 | 50 |
| | 5-10 | | 0,028 | 0,15 | 16,8 | 4,78 | 7,3 | 0,80 | 8 | 50 |
| | 10-40 | | 0,028 | 0,18 | 11,2 | 5,42 | 6,9 | 0,94 | 8 | 50 |
| 2- қазба шұңқыр 14-үйінді | 0-1 | 1,03 | 0,070 | 0,58 | 16,8 | 4,78 | 2,8 | 0,73 | 19 | 50 |
| | 1-5 | 0,24 | 0,028 | 0,19 | 8,4 | 5,80 | 3,1 | 0,61 | 13 | 30 |
| | 5-30 | | 0,028 | 0,25 | 5,6 | 7,97 | 2,8 | 0,55 | 19 | 30 |
| | 0-2 | 1,75 | 0,084 | 0,16 | 11,2 | 5,54 | 6,0 | 0,95 | 100 | 210 |
| 3- қазба шұңқыр 10-үйінді | 2-10 | 1,14 | 0,028 | 0,34 | 19,6 | 5,93 | 5,0 | 1,10 | 30 | 100 |
| | 10-22 | | 0,042 | 0,63 | 11,2 | 7,0 | 8,26 | 1,10 | 12 | 140 |
| | 22-30 | | 0,056 | 0,43 | 14,0 | 7,07 | 6,2 | 1,40 | 8 | 180 |
| | 30-40 | | 0,056 | 0,65 | 11,2 | 7,97 | 2,2 | 1,16 | 10 | 120 |
| | 0-2 | 1,30 | 0,126 | 0,28 | 28,0 | 1,61 | 2,2 | 1,65 | 49 | 180 |
| 4- қазба шұңқыр 10-үйінді | 1-6 | 0,68 | 0,042 | 0,14 | 16,0 | 0,98 | 2,0 | 1,83 | 8 | 90 |
| | 6-15 | | 0,070 | 0,20 | 11,2 | 2,56 | 2,8 | 1,74 | 8 | 100 |
| | 15-27 | | 0,042 | 0,37 | 14,0 | 3,70 | 2,48 | 1,83 | 8 | 110 |
| | 27-40 | | 0,070 | 0,16 | 8,4 | 2,24 | 1,8 | 1,93 | 8 | 70 |
| | 0-7 | 1,44 | 0,056 | 0,19 | 14,0 | 4,91 | 0,88 | 1,33 | 14 | 170 |
| 5 қазба шұңқыр 10-үйінді | 7-16 | 0,45 | 0,056 | 0,17 | 8,4 | 9,37 | 1,16 | 1,25 | 8 | 130 |
| | 16-30 | | 0,042 | 0,26 | 5,6 | 6,82 | 4,5 | 1,25 | 8 | 30 |
| | 30-50 | | 0,028 | 0,44 | 5,6 | 10,58 | 4,8 | 1,18 | 8 | 50 |
| | 0-2 | 2,48 | 0,168 | 0,16 | 33,6 | 3,82 | 2,8 | 1,33 | 79 | 160 |
| 6 қазба шұңқыр 10-үйінді | 2-8 | 0,62 | 0,098 | 0,21 | 22,4 | 3,70 | 2,68 | 1,45 | 25 | 100 |
| | 8-15 | | 0,056 | 0,26 | 14,0 | 3,50 | 2,60 | 1,40 | 12 | 90 |
| | 15-40 | | 0,042 | 0,17 | 8,4 | 3,38 | 2,4 | 1,74 | 10 | 80 |
| | 0-2 | 0,93 | 0,084 | 0,07 | 22,4 | 5,29 | 1,44 | 2,11 | 56 | 410 |
| 7 қазба шұңқыр 10-үйінді | 2-7 | 0,41 | 0,070 | 0,17 | 19,6 | 4,33 | 1,44 | 2,20 | 12 | 230 |
| | 7-14 | | 0,042 | 0,15 | 14,0 | 4,52 | 1,32 | 2,11 | 8 | 160 |
| | 14-40 | | 0,028 | 0,47 | 14,0 | 6,37 | 1,08 | 2,01 | 6 | 140 |
| | 0-3 | 2,48 | 0,154 | 0,30 | 42,0 | 3,70 | 2,6 | 1,33 | 120 | 280 |
| 8 қазба шұңқыр 10-үйінді | 3-7 | 1,17 | 0,112 | 0,43 | 22,4 | 5,48 | 1,28 | 1,83 | 32 | 370 |
| | 7-35 | | 0,056 | 0,31 | 16,8 | 5,86 | 2,0 | 1,83 | 12 | 210 |
| | 0-2 | 2,14 | 0,168 | 0,29 | 25,2 | 5,56 | 0,96 | 1,33 | 54 | 270 |
| 9 қазба шұңқыр 10-үйінді | 2-15 | 0,52 | 0,056 | 0,29 | 16,8 | 5,52 | 0,68 | 1,66 | 9 | 130 |
| | 15-40 | 0,07 | 0,028 | 0,34 | 14,0 | 6,0 | 0,55 | 1,76 | 6 | 100 |
| | 0-7 | 2,02 | 0,154 | 0,26 | 30,8 | 7,75 | 0,12 | 1,93 | 24 | 350 |
| 10 қазба шұңқыр Аймақтық топырақ | 7-21 | 1,14 | 0,154 | 0,14 | 25,2 | 8,89 | 0,10 | 1,93 | 4 | 170 |
| | 21-43 | 0,86 | 0,098 | 0,32 | 28,0 | 9,84 | 0,10 | 1,84 | 4 | 110 |
| | 43-67 | 0,69 | 0,084 | 0,45 | 19,6 | 11,11 | 0,10 | 1,76 | 3 | 90 |
| | 67-100 | 0,65 | 0,084 | 0,48 | 19,6 | 12,87 | 0,10 | 1,58 | 3 | 80 |

Ол ластаушы көздерінің сипатына, аймақтың метеорологиялық ерекшеліктеріне және жалпы алғанда ландшафтық жағдайға байланысты. Барынша ластану ареалы ластаушы көздерінен 10-15 км радиус аралығынан аспайды, алайда ең көп концентрациялар елеулі қашықтықта таралуы мүмкін [8].

Біздің зерттеулердің нәтижелері бойынша ауыр металдардың жалпы және жылжымалы формаларын талдау шектеулі жол берілген мәлшерден аспайтынын көрсетті (2-кесте). Ауыр металдардың жылжымалы формаларынан аймақтық топырақтарда жоғары мәлшерде кездесетіні кадмий, оның мәлшері ШЖМ (ПДК) 2,2-3,2 жетеді. Ауыр металдардың жалпы формаларынан Р-4 және Р-8 үйніндінің топырақгрунттарында қор-

ғасын көп мәлшерде кездеседі (кесте). Р-8 қазба-шүңқырдың бүкіл кескіні бойынша қорғасынның жалпы формасының мәлшері шектеулі жол берілген мәлшерден (ШЖМ-ПДК) 2,1 асып түседі.

Ластану коэффициентінің жинақтық көрсеткіші мына формуламен анықталады:

$$Zc = \sum_{t=1}^n Kc$$

Мұнда – Zc – ластанудың жинақтық көрсеткіші; n – анықталатын элементтердің саны; Kc -химиялық элементтің концентрациясының коэффициенті, ол ластанған аумақтың топырағындағы і-металдың нақты мәлшерінің (C) шектеулі ол берілген концентрациясына (СПДК) қатынасы [9].

Кесте 2 - Химиялық заттың концентрациялық коэффициентін есептеу нәтижелері (Kc)

| Металдар | Химиялық заттардың концентрациясының коэффициенті (Kc) | Ластанудың жиынтықтың көрсеткіші (Zc) | Ластанудың жинақтық көрсеткішін бағалау (Zc) |
|---------------------|--|---|--|
| Жалпы формалары | | | |
| Zn | 0,77 | $Zc=2,39$ | 16-дан төмен (топырақтың ластану санаты жол берілген мәлшерде) |
| Cu | 0,40 | | |
| Pb | 0,95 | | |
| Cd | 0,27 | | |
| Жылжымалы формалары | | | |
| Zn | 0,07 | $Zc=3,5$ | 16-дан төмен (топырақтың ластану санаты жол берілген мәлшерде) |
| Cu | 0,27 | | |
| Pb | 2.88 | | |
| Cd | 0,28 | | |

Сонымен, зерттелетін нысанда ауыр металдармен топырақгрунттарының ластанудың жинақтық көрсеткіші жалпы формасы бойынша $Zc=2,39$; жылжымалы формасы бойынша $Zc=3,5$ құрайды, яғни зерттелетін аумақтың топырақгрунттарының ластануы жол берілген мәлшерде деп санауға болады.

Фитоценоздардың жер үстіндегі және жер астындағы өнімділігін анықтудың көрсетуі бойынша жас топырақтарда өсетін өсімдіктердің тамыр массасының негізгі бөлігі 0-10 см терендікте

орналасады. Статистикалық талдау жер астындағы және жер үстіндегі өсімдіктердің алуан түрлілігін анықтауга көмектесті, өсімдік жамылғысы біркелкі таралмаған. Тамырлар биомассасының вариациялық коэффициенті 36-71 % шаамасында, 6-қазба шүңқырда вариациялық коэффициент ең жоғарғы мәнге жетеді (71 %). 9-қазба шүңқыр маңында пішенінің вариациялық коэффициенті 79,8 %-ды құрайды. 7-қазба шүңқыр маңында түсімінің вариациялық коэффициенті 95,5 %-ды құрайды. Аймақтық

топырақтағы тамырлар биомассасының вариациялық коэффициенті 38,2-66,1 % шамасында.

Біздің зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде өсімдіктердің бірнеше түқымдастары анықталды. Соның ішінде бүршақ түқымдас өсімдіктерден 3 өсімдік анықталды. Олар: шеңгел, есек мия, түйе жоңышқа. Күрделігүлділер түқымдасынан 7 өсімдік анықталды. Олар: зиягул, шағыр жусан, мақсыр, аңдыз, сиверская жусаны, жусан. Дәнділер түқымдасынан 2 өсімдік анықталды. Олар: бетеге, қылқан. Шаршыгүлділер түқымдасынан 1 өсімдік (сармала), ерінгүлділер түқымдасынан 1 өсімдік (көкемарал), қылшалар түқымдасынан 1 өсімдік (қызылша), қалампирғулділер түқымдасынан 1 өсімдік (кемір шөп), қарақұмықтүқымдастар түқымдасынан 1 өсімдік (қаратай түйесінірі), қалампирғулділер түқымдасынан 1 өсімдік (ешкімия), алаботалар түқымдасынан 1 өсімдік (Коровин түйекаңбағы) анықталды.

Өнеркәсіптің әсерінен бүлінген жерлерде микрофаунаны зерттеу топырақ жәндіктерінің жас топырақтарда қалыптасу үрдісін толық қадағалауға, қайта құнарландырылған жер телімдерінде топырақ омыртқасыздарының орналасу көздерін анықтауға, топырақты қайта құнарландырудың әр түрлі жолдарына зоологиялық баға беруге жағдай жасайды [10].

Біздің алған деректеріміздің көрсетуі бойынша зерттелген нысандарда микрофауна өте аз және біртекті. Зерттелген нысандарда сауытты кенелер өкілдерінен *Nothrus*, *Scheloribates* және аяққұйрықтылардан (коллембала) *Anurida*, *Folsomia* өкілдерді өте аз мөлшерде кездеседі. Топырақтүннің қоректің аз болуы және мекен ету ортасының жағдайларының қолайсыздығынан микрофауна өкілдері де аз кездеседі.

Экологиялық функциялар температурамен, ылғалдылықпен, өсімдік қорегінің болуымен өзара тығыз байланыста көрінеді. Микроофаунаның негізгі өкілдері микроартроподтар мен коллемболалар болып табылады. Өсімдік бірлі жарымды өскен жерлерде микроофауна өкілдері аз кездеседі. Жанатас кен орнының топырақтүннің да микро және мезофауна өкілдерінің болуы, өсімдік қорегінің жетіспеуден, табиғи-климаттық жағдайлардың қатаңдығынан бастапқы топырақтүзілу үрдісі үйінділерде әлсіз, баяу жүреді деп санауга негіз береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Жамбыл облысының оңтүстік-батыс бөлігінің ауыл шаруашылығы жерлерінің негізгі бүлінуі фосфориттер өндіру және қайта өңдеумен байланысты. Кен орнының үйінділері карьерден солтүстік және оңтүстік жағында ретсіз орналасқан, олардың пішіні әр түрлі (негізінен алмұрттар ізді созылған трапеция түрінде), биіктігі 70-120 м және ауданы 2-50 га құрайды.

2. Кен орнының үйінділері техногендік-бүлінген жерлердің өсімдіктің табиғи өсу дәрежесі бойынша бүлінген экожүйені табиғи жолмен игеруге қатысады өсімдіктердің биологиялық өнімділігінің нәтижелерін көрсетеді және ең алдымен топырақтүзілу үрдісін және техногендік-бүлінген жерлерді игерудегі өсімдіктердің рөлін көрсетеді.

3. Зерттеулердің көрсетуі бойынша өсімдіктер үйінділерде жеке топтанып орналасады. Осыған байланысты топырақтүзілу үрдісі әлсіз және баяу жүреді. Өсімдік өздігінен өскен телімдер бойынша үйіндінің топырақтүннің зерттеу өсімдік бірлестіктерінің топырақтүннің өзара тығыз байланыс бар екенін көрсетті. Топырақтүннің қазылған қазба-шұңқырлардың морфологиялық белгілерінде өзгерістер

байқалады. «Жаңатас» кен орнының өсімдік өздігінен өскен үйінділерінде бастапқы топырақтұзілу үрдістері анықталды. Өсімдік бірлі-жарымды өскен телімдерде топырақтұзілу үрдісі мұлдем жүрмейді не болмаса өте әлсіз жүреді. Барлық қазба-шұңқырлардың кескіндері бойынша қысқа қабаттарға бөлінгені байқалады. «Жаңатас» үйінділері осында өсетін өсімдіктердің түрлік алуан түрлілігімен өзгешеленеді. Бұршақтұқымдас өсімдіктерден (шеңгел), курделігүлділер тұқымдастарынан (жусаның түрлері), шаршыгүлділер тұқымдастарынан (бетеге), қылша тұқымдастарынан (эфедра) және астық тұқымдастардың түрлері кездеседі.

4. Өсімдік әр түрлі дәрежеде өскен топырақтұрттарынан алынған үлгілерде гумустың мөлшері фитоценоздардың сандық арақатынасына өзара байланысты екенін көрсетті. Гумустың мөлшері бойынша нәтижелер топырақтұзілу үрдісі үйінділердің топырақтұрттарының жоғарғы қабаттарын қамтитындығын күәландырады.

5. Үйіндінің топырақтұрттарындағы қоректік элементтердің жалпы және жылжымалы түрлерінің мөлшері бойынша белгілі заңдылықтар байқалмайды. Қоректік элементтер (азот, фосфор, калий) мөлшерінде гумус мөлшерімен өзара тығыз байланыс бар екендігі анықталды. Ауыр металдардың жалпы және жылжымалы құрамын талдау ауыр металдардың жалпы формалары шектеулі жол берілген мөлшерден аспайтындығын көрсетті.

6. Экологиялық функциялар температуралы мен, ылғалдылықпен, өсімдік қорегінің болуымен өзара тығыз байланыста көрінеді. Микрозоофаунаның негізгі өкілдері микроарктроподтар мен коллемболалар болып табылады. Өсімдік бірлі жарымды өскен жерлерде микрозоофауна өкілдері аз кездеседі. Жанатас кен орнының топырақтұрттарында микро және мезофаяна өкілдерінің болуы, өсімдік қорегінің жетіспеуденен, табиғи-климаттық жағдайлардың қатаңдығынан бастапқы топырақтұзілу үрдісі үйінділерде әлсіз, баяу жүреді деп санауга негіз береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Определитель обитающих в почве клещей. М. 1975. 491 с.
2. Определитель коллембол фауны СССР. М.: Наука. 1988. 214 с.
3. Андроханов В.А., Овсянников С.В., Курачев В.М. Техноземы: свойства, режимы, функционирование. Новосибирск: Наука. 2000. 200 с.
4. Фаткулин Ф.А. Энергетика гумусонакопления в техногенных ландшафтах Кузбасса//Почвообразования в техногенных ландшафтах. Новосибирск: Наука. 1979. С. 203-212.
5. Трофимов С.С., Наплекова Н.Н. и др Гумусобразование в техногенных экосистемах. Новосибирск: Наука. 1986. 126 с.
6. Махонина Г.И. Экологические аспекты почвообразования в техногенных экосистемах Урала. Екатеринбург. 2003. 356 с.
7. Соколов О.А., Черников В.А. Экологическая безопасность и устойчивое развитие. Книга 1. Атлас распределения тяжелых металлов в объектах окружающей среды. Пущино: ОНТИ ПНЦ РАН. 1999. 164 с.
8. Добровольский Г.В., Гришина Л.А. Охрана почв. М.: Изд-во МГУ. 1985. 224 с.
9. Методические указания по оценке степени опасности загрязнения почвы химическими веществами №4266-87. М. 13 март. 1987
10. Бабенко А.Б., Булавинцев В.И. Ногохвостки (Collembola) полярных пустынь Евразии // Зоол. журн. 1996. Т. 76. № 4. С. 409 – 417.

РЕЗЮМЕ

По описанию разрезов заложенных на естественно-зарастающих участках отвала месторождения «Жанатас» были выявлены инициальные признаки почвообразования. На участке, где естественное зарастание имеет характер единичных растений процесс почвообразования отсутствуют или очень слабо выражен. По профилю всех разрезов заметна дефференциация карликовых горизонтов. Даны оценка почвенно-экологическим функциям в условиях техногенеза при разработке фосфоритового месторождения открытым способом. Исследованиями на отработанных промышленных отвалах установлены первичные процессы почвообразования в техногенных элювиях различного породного состава.

SUMMARY

According to the description of cuts, laid in the natural areas overgrown spoil deposit "Zhanatas" revealed initial signs of soil formation. At the site where the natural overgrowth of plants has the character of individual process of soil formation is almost absent or very weakly expressed. The profile of all the cuts visible differentiation of dwarf horizons

The assessment of soil-ecological functions under technogenesis conditions at the phosphorite deposits opencast development is given in the article. Waste industrial dumps and initial processes of soil formation have been determined in technogenic eluvium of different rock composition.